

References:

1. Vystuplenie Glavy gosudarstva Kasym-ZHomarta Tokaeva na tret'em zasedanii Nacional'nogo kurultaya «Adal adam – Adal eñbek – Adal tabys» 15 marta 2024 g. // *Prezident Respubliki Kazahstan. Oficial'nyj sajt [Elektron. resurs]*. – 2023. – URL: <http://akorda.kz/>.
2. Kostyuk K. *Social'naya etika v postideologicheskuyu epohu // Politicheskaya i ekonomicheskaya etika / Per. s nem. S. Kurbatovoj, K. Kostyuka. - M.: FAIR-PRESS, 2001. - S.3-24.*
3. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Egemen Qazaqstan» gazetine syhbaty // «Egemen Qazaqstan». - 2024. - 3 қантар.
4. Eticheskij kodeks gosudarstvennogo sluzhashchego. Utverzhden Ukazom Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 29 dekabrya 2015 g. №152 «O nekotoryh voprosah prohozhdeniya gosudarstvennoj sluzhby». V redakcii Ukaza Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 22 fevralya 2022 g. № 814.
5. Sutor Bernard. *Malaya politicheskaya etika // Politicheskaya i ekonomicheskaya etika / Per. s nem. S. Kurbatovoj, K. Kostyuka. - M.: FAIR-PRESS, 2001. – S.29-174.*
6. Vystuplenie Glavy gosudarstva Kasym-ZHomarta Tokaeva na tret'em zasedanii Nacional'nogo kurultaya «Әdiletті Қазақстан – Adal azamat» 17 iyunya 2023 g. // *Prezident Respubliki Kazahstan. Oficial'nyj sajt [Elektron. resurs]*. – 2023. – URL: <http://akorda.kz/>.
7. Polozhenie ob Upolnomochennom po etike. Utverzhdeno Ukazom Prezidenta RK ot 22 fevralya 2022 g. V redakcii Ukaza Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 22 fevralya 2022 g. № 814 v redakcii Ukaza Prezidenta RK ot 05.06.2023 № 239.
8. Tajtorina B.A., Turlyhankyzy K. *Konceptualizaciya instituta gosudarstvennoj sluzhby i pravovogo regulirovaniya truda gosudarstvennyh sluzhashchih // Vestnik KazNPU imeni Abaya, seriya «YUrisprudenciya». - 2021. - №2(64). – s. 40-47.*
9. Habermas YU. *Demokratiya. Razum. Nравstvennost'. Moskovskie lekcii i interv'yu. – M.: AO «KAMI», Izdatel'skij centr «ACADEMIA», 1995. – 245 s.*
10. Kasym-ZHomart Tokaev prinyal uchastie v Forume Prezidentskogo molodezhnogo foruma // *Prezident Respubliki Kazahstan. Oficial'nyj sajt [Elektron. resurs]*. – 2023. – URL: <http://akorda.kz/>.
11. Riker P. *Germenevtika. Etika. Politika. Moskovskie lekcii i interv'yu. - M.: AO «KAMI», Izdatel'skij centr «ACADEMIA», 1995. - 160 s.*
12. Aristotel'. *Nikomahova etika // Aristotel'. Sochineniya: V 4-h t. T.4. Obshchaya red. A.I. Dovatura. - M.: Mysl', 1984.- S.53-293.*
13. Gegel' G.F.V. *Filosofskaya propedevtika // Gegel'. Raboty raznyh let. V dvuh tomah. T.2. Sost., obshchaya red. A.V. Gulygi. - M.: Mysl', 1973. - S.5-209.*

МРНТИ 10.15.59
УДК 342.7

10.51889/2959-6181.2024.76.2.003

Р.Б. Ботагарин¹, Г.У. Балгимбекова²

¹ Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада адам құқықтарының жүзеге асырылуында маңызды болып табылатын азаматтық институтына, азаматтық ұғымына, азаматтыққа қатысты халықаралық конвенцияларға және ұлттық заңнамаларға, сонымен қатар азаматтық саласындағы ғылыми әдебиеттерді зерттеу және талдау негізінде азаматтық институтының қалыптасуының сұрақтары қарастырылып, зерттеледі. Посткеңестік елдердің азаматтық туралы заңнамаларының

қалыптасуына, бекітілуіне, заң ғылымы саласындағы ғалымдардың ой пікірлеріне құқықтық шолулар жасалып, ортақ пікірге сипаттама беріледі.

Сонымен бірге, мақалада азаматтыққа құқықты жүзеге асыру, жалпы азаматтыққа қатысты нормалардың Қазақстан Республикасындағы заңнамаларда көрініс табуы зерттеліп, елдегі азаматтыққа қатысты заңнамаларды жетілдіруде басты шарт ұлттық заңнамаға адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттады сақтау әрі осы бағытта үнемі дамып отыру жөнінде қорытындылар жасалған.

Түйін сөздер: адам құқықтары, азаматтық, Конституция, халықаралық құқық, конвенция, тұрақты және саяси-құқықтық байланыс.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СТАНОВЛЕНИЯ ИНСТИТУТА ГРАЖДАНСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье рассматриваются и исследуются вопросы формирования института гражданства на основе изучения и анализа научной литературы в области гражданства, а также международных конвенций и национального законодательства, касающихся института гражданства, понятий гражданства, которые являются важными в реализации прав человека. Проведены правовые обзоры на формирование, утверждение законодательства о гражданстве постсоветских стран, мнения ученых в области юридической науки, дается характеристика общего мнения.

Кроме того, в статье исследуется реализация права на гражданство, отражение норм, касающихся гражданства в законодательстве Республики Казахстан в целом, и сделаны выводы о том, что главным условием совершенствования законодательства, касающегося гражданства в стране, является соблюдение международной стандартизации по правам человека в национальном законодательстве и устойчивое развитие в этом направлении.

Ключевые слова: права человека, гражданство, Конституция, международное право, конвенция, устойчивые и политико-правовые связи.

SOME ISSUES OF THE ESTABLISHMENT OF THE INSTITUTION OF CITIZENSHIP IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article examines and explores the issues of the formation of the institution of citizenship based on the study and analysis of scientific literature in the field of citizenship, as well as international conventions and national legislation related to the institution of citizenship, concepts of citizenship, which are important in the realization of human rights. Legal reviews on the formation and approval of legislation on citizenship of post-Soviet countries, opinions of scientists in the field of legal science are compiled, and a description of the general opinion is given.

In addition, the article examines the realization of the right to citizenship, the reflection of norms related to citizenship in the legislation of the Republic of Kazakhstan as a whole, and concludes that the main condition for improving legislation related to citizenship in the country is compliance with international standardization on human rights in national legislation and sustainable development in this direction.

Keywords: human rights, citizenship, Constitution, international law, Convention, civil and political-legal relations.

Негізгі ережелер. Азаматтылықтың маңызы. Азаматтық алу құқығы – бұл адамның негізгі құқығы болып табылады. Бұл әр адамның азаматтығын алуға, өзгертуіне және сақталуына құқығының бар екендігін білдіреді. Қазіргі халықаралық құқық мемлекеттер жүзеге асырып отырған адам құқықтары саласындағы өздеріндегі азаматтардың кім екендігі

туралы шешімді қабылдау құқығының тіптен мүлдем шекті емес екенін және, атап айтқанда, мемлекеттер азаматтықты адамға беруге, я болмаса оны жоғалтуға қатысты өз міндеттемелерін орындауы керек екенін бекітеді.

Белгілі бір азаматтылықтың болуының мүмкіндіктері. Егер адамның азаматтығы болмаса, ол мектепке бару, дәрігерге бару, жұмысқа орналасу, банктік шот ашу немесе тіпті некеге тұру мүмкіндігінен айырылуы мүмкін. Дүние жүзіндегі миллиондаған азаматтығы жоқ адамдар дәл осындай жағдайда өмір кешуде.

Азаматтығы жоқ адам – «қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірде-бір мемлекеттің азаматы ретінде танылмайтын адам». Мұндай адамдардың нақты саны белгісіз, алайда БҰҰ-ның босқындар жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасының (БЖКБ) мәліметтері бойынша бүгінде әлем бойынша кем дегенде 12 миллион адамның азаматтығы жоқ [1].

Азаматтық институтының дамуы. Бүгінгі таңда азаматтық ұғымы саяси мәні жағынан және құқықтық нысаны жағынан адамның мемлекетпен тұрақты байланысының нәтижесін. Азаматтықты дамыту дамыған елдердің азаматтық институты саласындағы тәжірибелерін ескеруді, халықаралық стандарттардың қатаң сақталуын қамтамасыз етуді білдіреді.

Кіріспе. Азаматтық алуға құқықтарының бұзылуынан басқа, азаматтығы жоқ адамдар басқа да құқықтарын бұзылуына ұшырап жатады. Олар білім беру, денсаулық сақтау, жұмысқа орналасу және қозғалыс еркіндігі сияқты негізгі құқықтарына қол жеткізуде қиындықтарға тап болуы мүмкін [2]. Мемлекеттер азаматтығы жоқ және тиісті мемлекеттің аумағында туылған немесе шетелде туылған адамдарға азаматтық беру арқылы азаматтығы жоқтықтың алдын алу шараларын жүзеге асырады.

Әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі болып отырған Қазақстан Республикасы да аталған сұрақ төңірегінде, нақты айтсақ, азаматтық сұрағына қатысты жалпы бекітілген нормаларды сақтай отырып, өзіндік реттеу әдістері мен даму жолына ие. Бұл сонау Кеңестер Одағы ыдыраған сәттен бері азаматтық институты саласын мемлекеттік-құқықтық реттеуден көрінеді.

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1990 жылдың 25-қазанында қабылдаған Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда Республикадағы барлық ұлт өкілдерінен құралған азаматтар Қазақстандық халықты құрайтынын, сонымен қатар олар Қазақ Советтік Социалистік Республикасындағы егемендіктің бір ғана иесі әрі мемлекеттегі өкімет билігінің негізі-қайнар көзі болатынын жариялаған болатын [3].

Яғни, бұл ретте халық мемлекеттік билікті Қазақ Советтік Социалистік Республикасындағы Конституциясы негізінде өкілді органдарға сайлау арқылы және тура өздері де жүзеге асырады. Республикадағы халықтардың атынан сөз сөйлеп, еркін білдіру және мүддесін қорғау құқығы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің еншісіне берілді. Бекітілген ережеге сәйкес Қазақ Советтік Социалистік Республикасының өзінің жеке азаматтығы бар, және де әр азаматтың Кеңестік Социалистік Республикалар Одағындағы азаматтығын сақтап қалуы құқығына кепілдігі беріледі. Республиканың кез келген аумағында тұрып жатқан азаматтарға Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Конституциясында және Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясында айтылған құқықтарға, бостандықтарға ол адамдардың қандай да бір ұлттық немесе партияға мүшелігіне, шыққан тегіне, өзінің әлеуметтік және мүліктік жағдайының деңгейіне, жынысына, ұстанған дініне, игерген кәсібіне, мекендеген тұрғылықты жерлеріне қарамастан барлығына бірдей кепілдік бекітілген [3]. Мемлекеттің бұл кезеңі Кеңестер одағындағы мемлекеттердің өздерінің ұлттық мемлекеттіліктерінің тиімді әрі ұтымды үлгісін іздеп қалыптасуымен белгілі. Дегенмен де, ұзақ жылдар бойы жасап келген Кеңестік Одақтағы елдердің Конституцияларында мемлекеттердің егемендігі жарияланғанымен, өткен ғасырдың соңғы онжылдығында болған саяси өзгерістер, яғни Одақ құрамындағы республикалардың өзіндік жолын таңдауға, қалыптастыруға, соның ішінде азаматтылық сұрағының дамуының жаңа кезеңінің басталғанын білдіргені белгілі.

Азаматтықты конституциялық құқық ғылымы жеке тұлға мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын негізгі институттардың бірі ретінде қарастырады. Адамның мемлекетпен құқықтық байланысын анықтайтын азаматтық болғандықтан азаматтық арқылы қазіргі қоғамдағы тұлғаның саяси-құқықтық жағдайының негіздері анықталады. Бұл қарым-қатынаста ерекшеленетін негізгі белгі – бұл еуропалық азаматтық конвенциясы анықтаған жеке адам мен мемлекет арасындағы тұрақты құқықтық байланыс белгісі [4].

Мұндай анықтама 1991 жылғы 20 желтоқсанда қабылданған, яғни тәуелсіздікке ие болған сәттен кейін қабылданған «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңдағы кіріспеде аталып өтілген, ол жерде Қазақстан Республикасының азаматтығы дегеніміз ада мен мемлекет арасындағы орнықты саяси-құқықтық байланыс, яғни олардың өзара құқықтары мен міндеттері көлемінің жиынтығы екендігі аталып өтіледі. Және де, аталған Заңның 1-бабында Қазақстан Республикасының өзінің мемлекеттік органдарының, лауазымдық қызметтегі тұлғалардың атынан ел азаматтарының алдында жауапты болатыны, өз кезегінде азаматтар Қазақстан Республикасының алдында белгілі бір жауапкершілікке ие болатындары көрсетілген. Демек, бекітілген анықтамаға сәйкес ел азаматтары мемлекет Конституциясын, қабылданған заңдарды мүлтіксіз сақтауға, еліміздің мүдделерін, территориялық тұрғыдағы тұтастығын қорғап қалуға, кез келген барлық ұлттардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, мемлекеттік ұлт құраушы халықтың тілін және өзге ұлттардың өкілдерінің тілдерін құрметтеуге, еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін сақтап, нығайтуда жәрдем беруге міндетті болып табылады [5]. Сонымен қатар, еліміздің Конституциясында Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай жалпы құқықтарға ие болып, міндеттер атқаратыны бекітілген [6].

Материалдар және әдістер. Қазақстан Республикасындағы азаматтық институтының қалыптасуын, азаматтық ұғымын, ерекшеліктерін жан-жақты талдау үшін біз халықаралық шарттар мен шетелдік және отандық заңнаманы зерттедік, сондай-ақ халықаралық және конституциялық құқық саласында тәжірибесі бар отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, азаматтыққа қатысты халықаралық құқықтық құжаттарға шолу жасап, мазмұнын талдап, зерделедік. Осылайша, зерттеудің әдіснамалық негізін білімнің жалпы ғылыми әдістері, формальды-құқықтық, талдау жүйелік және салыстырмалы-құқықтық, логикалық талдау мен зерттеу әдістері құрады.

Нәтижелер және талқылаулар. Посткеңестік кеңестік елдеріндегі азаматтықтың конституциялық-құқықтық дамуын шартты түрде келесі кезеңдерге бөлу қалыптасқан. Кеңес азаматтығын либералды-демократиялық принциптерге негізделген азаматтыққа айналдырудың алғашқы кезеңі ретінде Социалистік құқықтық мемлекет құру бағдары қабылданған 1985 жылдан 1987 жылға дейінгі кезеңді айтуға болады. Бұл кезеңде социалистік мемлекет пен құқықтық буржуазиялық мемлекет принциптерін біріктіру жоспарланған болатын. Бұл бірігу адам құқықтарының біріншілігін мойындау, Кеңестік Социалистік мемлекетке либералды-демократиялық принциптерді енгізу мүмкіндігін мойындау арқылы жүзеге асырылуы керек еді. Бұл ұмтылыстар мен идеялар одақтас республикаларды егемендендіру процесінде басымдықтарды бекітетін маңызды саяси-құқықтық құжаттарды қабылдауға негіз болды. Және, ең алдымен, жеке тұлға мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын айқындайтын бірыңғай азаматтықты тану.

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы 1990 жылдың 25-қазанында Қазақстанның Мемлекеттік Егемендігі туралы декларациясын қабылдаған болатын [1]. Декларацияда Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесі Қазақстан халықтарының еркін білдіретіні, Республика азаматтарының барлығына бірдей тең жағдайдағы лайықты тұрмысы қамтамасыз етілетіні, елде тұрмыс құрып жатқан әр түрлі халықтарды жұмылдырып, достық қарым қатынасты дамыту әрі қалыптастыру алдыңғы қатардағы шешілуі тиіс міндеттердің қатарында екенін бекітіле отырып, әлемде өзіндік орны бар Жалпыға бірдей адам құқықтары жөніндегі декларацияны,

халықтың өзін еркін түрде билей алатыны жөніндегі құқықтарын мойындай отырып, мемлекет құраушы ұлт – қазақ ұлтының болашағына жауапты екендерін сезіне отырып, ізгілікке бағытталған демократиялық, құқықтық мемлекет құратыны мұрат етілген Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі жарияланған болатын.

Сонымен қатар, декларацияға сәйкес Қазақ Советтік Социалистік Республикасы өзге басқа республикалар сияқты олармен тең дәрежеде өзара құрылған Республикалар Одағының мүшесі болуға ерікті әрі келсілген шарт негізінде қосыла алатын, дипломатиялық қарым қатынас орната алатын егемендікке ие мемлекет болып табылатындығы аталып өтіледі. Қазақ ССР-і әр Одаққа ерікті түрде қосылғанындай барлық одақтан шығу құқығына ие, ол жерлерде өзінің мемлекеттілігін сақтап, қорғап қалу және нығайту бағытында шараларды дербес қабылдай алады. Қазақ ССР мемлекеттілігінің маңызды міндеттерінің қатарында қазақ ұлтының және Қазақстан аумағында мекен етіп жатқан барлық ұлт өкілдерінің дербес мәдениеттері мен дәстүрлерін, тілдерін сақтап қалып жаңғырту және дамыту шараларын жүзеге асыру жатады. Елдегі ұлт өкілдерінің барлығы дерлік республика азаматтарын яғни Қазақстан Республикасының бір ғана жалпы халқын құрап қана қоймайды, олар сонымен бірге мемлекеттегі биліктің бірден бір қайнар көзі, ал мемлекеттік билік Қазақ ССР Конституциясында бекітілгендей тікелей және халықтың дауыс беруі арқылы сайлау негізінде өкілді органдар жүзеге асырады. Қазақ ССР-нің өз атауына сәйкес азаматтығы бар, әрі елдегі барлық азаматтардың Кеңес Одағының азаматтығын сақтап қалуларына құқығына кепілдік беріледі. Республика аумағында тұратын азаматтарға КСРО мен Қазақ ССР Конституцияларында бекітілген құқықтар мен бостандықтардың барлығына толығымен кепілдік берілген.

Екінші кезең ретінде ТМД елдерінде мемлекеттілікті ресми ресімдеу және азаматтықты нормативтік-құқықтық бекіту кезеңін қарастыруға болады. Бұл кезеңде конституциялық құрылыстың негіздері, адам және азаматтың жалпы қабылданған басты құқықтары мен міндеттері, болашақ құқықтық мемлекеттің ажырамас бөлігі болып табылатын билік тармақтарын жекелеп, заңды түрде бекіткен жоғару заңды күшке ие құқықтық актілер ел конституциялары және соған бағыныстағы заңдардың қабылдануы орын алады, яғни Молдова Республикасында 1991 ж., Түркіменстан, Өзбекстан, Эстония және Литва Республикаларында 1992 ж., Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Республикаларында 1993 ж., Беларуссия мен Тәжікстан Республикаларында 1994 ж. осы елдердің Конституциялары қабылданған болатын [7].

Кейінгі азаматтық алу институтының дамуындағы үшінші кезеңі деп азаматтық институтын реттеуге байланысты маңызды құқықтық нормативтік актілер - конституциялық-құқықтық нормалардың жетілдіріліп, дамытылған уақытты айтуға болады. Дәл осы уақыт аралығында азаматтылық сұрақтарына қатысты заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу арқылы жетілдіру шараларының қабылдануы жүзеге асырылады. Және де, көптеген мемлекеттерде жаңа конституциялық даму кезеңін білдірген жаңа конституциялар қабылданады: 1995 жылы – Әзірбайжан, Армения, Қазақстан, Грузия Республикаларында, 1996 жылы – Беларусь, Украина, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан Республикаларының конституциялық нормалар жаңартылды [8]. Осылайша, ТМД-да азаматтықтың қалыптасу процесінің ұсынылған кезеңділігі мен динамикасы жалпы алғанда бірдей болды, бұл азаматтық саласындағы құқықтық нормалардың пайда болуы мен жетілу заңдылықтарын анықтайтын жағдайлар мен себептердің ұқсастығымен түсіндіріледі.

Бұл ретте егеменді мемлекеттерде азаматтықтың пайда болуының маңызды аспектісі азаматтығы туралы заң қабылданған кезде барлық тұрақты тұрып жатқан тұлғалардың азаматтығын тану болды.

Осылайша, біз Қазақстан Республикасындағы азаматтық институтының тарихи дамуын ашып, оның эволюциясында келесі кезеңдерден өтті деп санаймыз:

1) 20.12.1991 ж. бастап 30.08.1995 ж. дейін-тәуелсіз Қазақстан азаматтығы институтының қалыптасу кезеңі;

2) 30.08.1995 ж. бастап Қазақстан Республикасының азаматтығы институтының дамуының қазіргі кезеңі [9].

Азаматтық ұғымын зерттей отырып, азаматтық туралы Заңның 1-бабында көрсетілген жауапкершілік қазіргі жағдайда көптеген заңгер ғалымдар пайымдағандай, азаматтардың заңды түрде бекітілген құқықтық мәртебелерінің негізін құраушы құқықтар мен бостандықтар және міндеттермен бірге жалпы жауапкершілікті білдіреді деп болжауға болады. Ал бұл, біздің ойымызша, азаматтың құқықтық мәртебесі ұғымын толықтыруға және азаматтықтың анықтамасын барынша нақтылап алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттелетін құбылыстың негізгі белгілерін анықтау оны теориялық және практикалық маңызы бар жеке құқықтық категория ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Маңызды белгілердің нақты жиынтығын анықтау азаматтықты әртүрлі ұқсас құқықтық категориялардан бөлуге мүмкіндік береді. Мысалы, саяси-құқықтық категория ретінде азаматтық конституциялық құқық ғылымында ұйымдық-функционалдық және құқықтық жүзеге асыруда көрінетін көп қырлы құбылыс ретінде қарастырылады.

Азаматтық сұрақтарын зерттеуге бағытталған зерттеулерде азаматтықтың мазмұнын, оның ерекше қасиеттері мен мағынасын анықтау конституциялық құқық ғылымы үшін де маңызды міндет болып табылатындығы атап өтілген. Алайда, қазіргі уақытта азаматтық ұғымының мазмұнына қатысты бірыңғай ұстаным әзірленбеген деп айтсақ болады. Заң ғылымында қалыптасқан «азаматтық» ұғымына қатысты келесі белгілер қалыптасқан:

а) азаматтық ол адам мен саяси-әлеуметтік ұйым болып табылатын мемлекет арасында орнайтын орнықты қарым-қатынас сипатындағы болжалды саяси-құқықтық құбылыс;

б) азаматтық қандай да бір адамның анықталған басты субъективті құқықтарының жүзеге асырылуы (кез келген адамның қандай да бір мемлекеттің азаматы болуына құқығы бар), яғни азаматтықта болуы құқығының негізінде адамның мемлекетпен жоғарыда айтылған орнықты қарым-қатынаста болуы немесе оларды тоқтату бойынша заңда анықталған қол жетімді мүмкіндігі;

в) конституциялық-құқықтық институт сипатында болуы.

Соңғы екі мағынада «азаматтық» ұғымыға қатысты заңгер ғалымдардың пікірі ортақ. Соған қарамастан, азаматтықты тек конституциялық құқық ғылымы ғана емес, сонымен қатар, халықаралық құқық та қарастырады.

Және де, азаматтық конституциялық-құқықтық институт ретінде әр адамның қандай да бір мемлекеттің азаматтығына субъективті құқығының болуы, оның азаматтың қалауы бойынша өзгеруі және тоқтатылуына байланысты тиісті шарттар мен тәртіптерін белгілейтін отандық және халықаралық құқық нормаларының жиынтығы болып табылады. Алайда, азаматтық ұғымының мәнін әдеттегі саяси-құқықтық құбылыс ретінде анықтау күрделі болып табылады [10; 10].

Жоғарыда айтылғандай, азаматтық ұғымының тұтастығы құқықтық, саяси, әлеуметтік, психологиялық аспектілерден тұрады. Шетелдік жұмыстардың көпшілігі осы жағынан зерттеуге арналған [11]. Бірақ біздің тұрғыда азаматтықтың құқықтық аспектілеріне назар аудару керек, өйткені ол конституциялық құқық институты ретінде қарастырылады. Әрі, құқық пен заңның теориялық бөлінуі азаматтық институтын құқық санаты ретінде және конституциялық құқық нормаларында бекітілген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің жиынтығы ретінде ажыратуға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, азаматтықты форма ретінде де, мазмұн ретінде де қарау керек. Заңмен бекітілген құқықтық нормалар форма ретінде, ал мемлекеттік идеясымен біріктірілген бір аумақта тұратын адамдар арасындағы қатынастың маңызды қыры ретінде. Бұл мемлекеттің келісімді құрылуы теориясынан туындайды. Осы орайда Ж.-Ж. Руссо жеке тұлғалар халықтың атын ұжымдық түрде қабылдайтынын, ал жеке тұрғыда мемлекет заңдарына бағындырылған азаматтар деп аталатынын айтқан [12; 14].

Кеңестік заң ғылымында азаматтық адамның мемлекетке қатыстылығымен анықталды, ол адамның мемлекет ішінде де, мемлекет сыртында да халықаралық ортадағы қатынастарға

түскендегі құқықтық жағдайын бекітті. Азаматтық жеке тұлғаның мемлекетпен жеке байланысы ретінде қарастырылды, бұл адамның елдің құқықтық және саяси жүйесінің барлық элементтерімен анықталу мүмкіндігін анықтайды.

Мысалы, Л.Д. Воеводин азаматтықтың тұжырымдамасын адамның белгілі бір мемлекетке заңды қатысы ретінде анықтайды, оның арқасында осы мемлекеттің егемендігі оған таралады және ол өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін ел ішінде де, одан тыс жерлерде де қорғайды [13; 33-35].

В.С. Шевцовтың пікірінше, «азаматтық мағынасы келесідей: адам және мемлекет нақты анықталған орнықты әрі тұрақты байланыста болады, бұл кезде ол мемлекеттің адамға қатысты толық юрисдикциясы жүруі үшін нақты негіз. Азаматтық адам мен мемлекеттің арасындағы құқықтық байланыс ретінде объективті сипатқа ие, бұл азаматтың құқықтық мәртебесін заңды түрде бекітудің нақты әрі қажетті шарты, тіпті алғышарты ретінде қызмет етеді». Сондықтан азаматтықтың тұжырымдамасы мен мәнін қалыптастырудың маңызды кезеңі құқықтық терминологияға саяси-құқықтық байланыс ұғымын енгізу болып табылады.

Қазіргі уақытта ең көп таралған және негізгі болып жеке тұлға мен қандай да бір мемлекет арасындағы өзара құқықтарды және міндеттерді жүктейтін тұрақты әрі орнықты саяси-құқықтық байланыс ұғымын бекіту арқылы азаматтықты анықтау табылады. Бұл анықтаманы негізгі деп санай отырып, авторлар оны дамытуға және толықтыруға тырысады. Мысалы, мемлекеттік құқық ғылымындағы азаматтықты жеке тұлғаның белгілі бір мемлекет арасындағы тұрақты саяси-құқықтық байланысы деп түсінеді, соның арқасында осы мемлекет ішінде де, оның шекарасынан тыс жерлерде де егеменді мемлекеттік билік осы адамға тарайды. Бұл анықтама мемлекеттік егемендікке негізделген саяси-құқықтық байланыстың тұрақтылығына және оның мемлекет аумағынан тыс жерде таралуына баса назар аударады.

Б.А. Стародубский, Д.Д. Остапенко, В.Е. Чиркин азаматтықты «белгілі бір мемлекетке тиесілі адамның құқықтық жағдайы» ретінде қарастырады [14; 92]. Мұндай тәсіл кеңес заманында басымдыққа ие болды, бірақ бүгінгі күні де ол адамның мемлекетке жатуының маңызды аспектісін көрсетеді.

Біздің ойымызша, Н.В. Витруктың мемлекет тарапынан азаматтықты тану осы мемлекеттің азаматы ретінде әрекет ететін адамның заңды құқықтары мен міндеттерін белгілеумен бір қатарға қойылуы мүмкін емес деген пікірінің де орны бар [15;12]. Азаматтық-бұл құқықтар мен міндеттерді белгілеудің алғышарты, оның негізі. Бұл ретте құқықтар мен міндеттер шетелдіктер үшін де, азаматтығы жоқ адамдар үшін де белгіленеді, бұл азаматтықтың ел азаматы үшін нақты құқықтар мен міндеттерді белгілеуде негіз болып табылатынын атап көрсетеді.

Азаматтыққа байланысты қатынасты конституциялық құқықтық реттеуде, ғалым Б.А.Тайторина азаматтық алу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасы бекітілген халықаралық стандарттарға, қағидаларға сәйкес келетінін және халықаралық шарттарды, Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Азаматтығы туралы» Заңын, «Азаматтыққа қатысты істерді қарау тәртібі туралы» Ережені қамтитынын мәлімдейді [16; 20]. Сонымен қатар, апатридтердің әлеуметтік құқықтарының экономикалық-құқықтық кепілдігі арқылы азаматтығы жоқ адамдардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету, әлеуметтік қақтығыстардың туындау қаупін азайту мақсатында оларды қабылдаушы қоғамға енгізудің құқықтық тетіктерін әзірлеу үшін азаматтық және көші-қон туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері өзектендірілуі қажеттігі жөніндегі пікірі орынды.

Өз кезегінде, С.А. Комаров жеке тұлғаның мемлекетпен қарым-қатынасын қарастыра отырып, жеке тұлғаның азаматтық мәртебесінің категориясын негізгі құқықтық категориялардың бірі ретінде тұжырымдайды. Ол Н.В. Витрук негіздеген ережелерге сүйенеді, бұл адамның қандай да бір мемлекетпен заңды байланыс орнағанын бекіту арқылы жеке тұлға жаңа құқықтық сапаға - мемлекет азаматы деген атқа ие болады. Мемлекетке қатысты ол дәл осы мемлекеттің азаматы ретінде әрекет ететіндіктен, бұл заңды қасиет оған мүлдем адам

ретінде емес, өз азаматы ретінде қолданылады. Егер біз шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам туралы айтатын болсақ, онда мемлекет оған сәл өзгеше құқықтар мен міндеттерді - басқа құқықтық (азаматтық) жағдайдың субъектісі ретінде береді. Мемлекет пен жеке тұлғаның қарым-қатынасы, ең алдымен, азаматтық институты арқылы жүзеге асырылады.

Қорытынды. Осылайша, ұлттық мемлекеттілік тетіктерін нығайту, Қазақстанда тұратын қазақ ұлтының және басқа да ұлт өкілдерінің өзіндік мәдениеттерін, дәстүрлерін, тілді жаңғырту әрі дамыту және нығайту, біздің ойымызша, тек мемлекеттілік идеяларының негізі ғана емес, ол сонымен бірге, бұдан ары қарай да Қазақстан азаматтығы институтын қалыптастыру үшін бірден бір идеологиялық және теориялық негіз болды.

Қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттегі азаматтық ұғымы саяси мәні және құқықтық нысаны бойынша адамның мемлекетпен тұрақты әрі орнықты байланысы, ең алдымен жеке тұлғаның саяси мүмкіндіктерінің шектерін анықтайтын, екіншіден, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін жүзеге асырудың бір ден бір маңызды қажетті шарты болып табылады деген қорытындыға келеміз.

Бұл жағдайда азаматтық ұғымын үнемі дамып келе жатқан құбылыс ретінде қарастырған жөн. Азаматтықты дамыту дамыған елдердің азаматтық институты саласындағы тәжірибелерін ескере отырып, халықаралық стандарттарды негізге ала отырып елдегі заңнамаларды қалыптастыру жүзеге асырылған кезде ғана мүмкін болмақ.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № AP14870745).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *О гражданстве и правах человека. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.ohchr.org/ru/nationality-and-statelessness>*
2. *Қазақстан Республикасындағы интеграциялық процесстерді дамыту жағдайында азаматтықсызды азайту мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Юриспруденция» сериясы, №1(71), 2023 ж. – 40-46*
3. *Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы № 307-XII Қаулысы. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B900001700_*
4. *Европейская конвенция о гражданстве. Страсбург, 6 ноября 1997 года. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://rm.coe.int/168007f2f6>*
5. *Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-XII Заңы. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004800_*
6. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_*
7. *Конституция Республики Таджикистан // Вестник Межпарламентской Ассамблеи. - 1995. - № 2(9). - С. 205-225.*
8. *Новые конституции стран СНГ и Балтии. Сборник документов. Вып. 2. – М.: Манускрипт, 1997. – 672с.*
9. *Балгимбекова Г.У. Автореферат кандидатской диссертации «Конституционно-правовой институт гражданства: сравнительный анализ на примере Республики Казахстан и зарубежных стран», Бишкек, 2013.-28с*
10. *Бучакова М. А. Российское гражданство: состояние и перспективы правового регулирования: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.02. - М.: РГБ, 2003. – 218 с.*
11. *Marshall T. H. Class, Citizenship and Social Development. - Chicago: University of Chicago Press, 1973. - 274 с.*

12. Жан-Жак Руссо. Об Общественном договоре, или принципы политического права: Перевод с франц. А. Д. Хаятина и В. С. Алексеева-Попова. - М.: «КАНОН-пресс», «Кучково поле», 1998. - 416 с.

13. Воеводин Л. Д. Конституционные права и обязанности советских граждан. - М.: Изд-во Моск. ун-та, 1972. - 152с.

14. Государственное право буржуазных стран и стран, освободившихся от колониальной зависимости: Учебник / Под ред. Б.А. Стародубского и В.Е. Чиркина. - М., 1977. - 152с.

15. Витрук Н. В. Гражданство как правовая связь личности с государством // Проблемы государства и права. М.: Ин-т гос. и права АН СССР, 1976. Вып. 12. - С. 8-14.

16. Taitorina V.A. Constitutional and legal regulation of relations concerning citizenship // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Юриспруденция» сериясы, No3(73), 2023ж. - 13-21 б.

References:

1 O grazhdanstve i pravakh cheloveka. [Elektron. resurs]. - 2024. - URL: <https://www.ohchr.org/ru/nationality-and-statelessness>

2. Қазақстан Республикасындағы интеграциялық процесстерді дамыту жағдайында азаматтықсызды азайту мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Jurisprudentsiia» seriiasy, №1(71), 2023 zh. - 40-46

3. Қазақ Sovettik Sotsialistik Respublikasynyn Memlekettik egemendigi turaly deklaratsiia zheninde Қазақ SSR Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы № 307-XII Қаулысы. [Elektron. resurs]. - 2024. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B900001700_

4. Evropeiskaia konventsiiia o grazhdanstve. Strasburg, 6 noiabria 1997 goda. [Elektron. resurs]. - 2024. - URL: <https://rm.coe.int/168007f2f6>

5. Қазақстан Республикасынyn азаматтығы тuraly Қазақстан Республикасынyn 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-XII Заңы. [Elektron. resurs]. - 2024. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004800_

6. Қазақстан Республикасынyn Konstitutsiiasy. Konstitutsiia 1995 zhyly 30 тамызда respublikalyk referendumda qabyldandy. [Elektron. resurs]. - 2024. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

7. Konstitutsiia Respubliki Tadzhikistan // Vestnik Mezhparylamentskoi Assamblei. - 1995. - № 2(9). - S. 205-225.

8. Novye konstitutsii stran SNG i Baltii. Sbornik dokumentov. Vyp. 2. - M.: Manuscript, 1997. - 672s.

9. Balgimbekova G.U. Avtoreferat kandidatskoi dissertatsii «Konstitutsionno-pravovoi institut grazhdanstva: sravnitelnyi analiz na primere Respubliki Kazakhstan i zarubezhnykh stran», Bishkek, 2013.-28s

10. Buchakova M.A. Rossiiskoe grazhdanstvo: sostoianie i perspektivy pravovogo regulirovaniia: dis. ... kand. iurid. nauk: 12.00.02. - M.: RGB, 2003. - 218 s.

11. Marshall T.N. Class, Citizenship and Social Development. - Chicago: University of Chicago Press, 1973. - 274 s.

12. Zhan-Zhak Russo. Ob Obshchestvennom dogovore, ili printsipy politicheskogo prava: Perevod s frants. A. D. Khaiutina i V.S. Alekseeva-Popova. - M.: «KANON-press», «Kuchkovo pole», 1998. - 416 s.

13. Voevodin L. D. Konstitutsionnye prava i obiazannosti sovetskikh grazhdan. — M.: Izd-vo Mosk. un-ta, 1972. - 152s.

14. Gosudarstvennoe pravo burzhuaznykh stran i stran, osvobodivshikhsia ot kolonialnoi zavisimosti: Uchebnik / Pod red. B.A. Starodubskogo i V. E. Chirkina. - M., 1977. - 152s.

15. Vitruk N.V. Grazhdanstvo kak pravovaia sviaz lichnosti s gosudarstvom // Problemy gosudarstva i prava. M.: In-t gos. i prava AN SSSR, 1976. Vyp. 12. - S. 8-14.

16. Constitutional and legal regulation of relations concerning citizenship // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Jurisprudentsiia» seriiasy, No3(73), 2023zh. - 13-21 б.